

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қалалық жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешенін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы № 146-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қалалық жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешені (бұдан әрі - Шаралар кешені) бекітілсін.

2. Орталық атқаруши органдар, облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері, сондай-ақ мұдделі ұйымдар (келісу бойынша):

1) Шаралар кешенінің уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

2) жыл сайын жарты жылдың қорытындысы бойынша 15 қаңтардан және 15 шілдеден кешіктірмей, Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігіне Шаралар кешенінің орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі жарты жылдың қорытындысы бойынша 1 ақпаннан және 1 тамыздан кешіктірмей, Қазақстан Республикасының Үкіметіне Шаралар кешенінің орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

4. Осы екімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарына жүктелсін.

5. Осы өкім қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2020 жылғы 25 қарашадағы
№ 146-ө өкімімен бекітілген

Қазақстан Республикасында автомобиль көлігімен қалалық жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешені

P/ с №	Іс-шараның атауы	Орындауға жауаптылар	Аяқталу нысаны	Орындалу мерзімі	Қаржыланыруды
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 614 бұйрығымен бекітілген Тұрақты маршруттар бойынша жолаушылар	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және			

	мен багажды тасымалдау жөнінде қызмет көрсетуге тарифтер есептеу әдістемесіне сәйкес жол жүру тарифтерін қайта қарау	Шымкент қалаларының әкімдіктері	әкімдіктің қаулысы	2020-2021 жылдар	тала п етілмейді
2.	Әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	мәслихат шешімі	2020 - 2023 жылдар	тала п етілмейді
3.	Барлық әлеуметтік маңызы бар қатынастарды субсидиялаудың қажетті көлемін айқындау	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	әкімдіктің қаулысы	2020 - 2023 жылдар	тала п етілмейді
4.	Әлеуметтік маңызы бар қатынастарды толық субсидиялау үшін қаражат бөлуді қамтамасыз ету	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	мәслихат шешімі	2020 - 2023 жылдар	жергілікті бюджет
5.	Автобустардың қозғалыс схемалары мен кестелерін өзектендіруді қоса алғанда, қалалық маршрут желілерін онтайландыруды жүргізу	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	ИИДМ-ге ақпарат	2020 - 2023 жылдар	жергілікті бюджет
6.	Қалалық маршруттарға қызмет көрсететін және газ-моторлық отынмен жұмыс істейтін немесе электр қозғалтқышы бар автобустар үшін кәдеге жарату алымының коэффициентін төмендету	ЭГТРМ, ИИДМ, "Атамекен" ҰКП (келісу бойынша)	Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №762 бұйрығына өзгерістер енгізу	2020-2021 жылдар	тала п етілмейді
7.	Республикалық және облыстық маңызы бар қалаларда қалалық маршруттарда жолаушылардың жол ақысын электрондық төлеу жүйесін енгізу	Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	Пайдалануға қабылдау актісі	2020-2021 жылдар	жергілікті бюджет
	"Автомобиль көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Занына : - әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), кала маңындағы және ауданшілік қатынастардың тізбесін айқындау бөлігінде аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті өкілді органдарының құзметтерін ;				

	жергілікті атқаруышы органдардың әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялау бойынша жауаптылығын; - қалалық маршруттардағы автобустарға, олардың халықтың жүріп-тұруы шектеулі топтары үшін қолжетімділігі мәселесі бойынша қойылатын талаптарды; - жол ақысын төлеу бойынша карточкаларды толтыру және беру үшін терминалдың қажетті санын қамтамасыз ету бойынша талаптарды; электрондық билеттендіру жүйелері операторларының жауаптылығы мен міндеттемесін; - электрондық билеттендіру жүйелеріне (бағдарламалық қамтылымдарға) қойылатын негізгі талаптарды белгілеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу	ИИДМ, ҰЭМ, Облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері "Атамекен" ҮКП (келісу бойынша)	Қазақстан Республикасы Заңының жобасы	2021-2022 жылдар	- талап етілмейді
9.	Әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде қалалық маршруттарға қызмет көрсететін автобустарды диспетчерлік сүйемелдеудің бірыңғай электрондық жүйесін күру	облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері	пайдалануға қабылдау актісі	2020-2021 жылдар	жергілікті бюджет
10.	Мемлекеттің қатысуымен автобус кәсіпорындарын құруға тыйым салуды белгілеу мәселесін пысықтау	ИИДМ, ҰЭМ, Қаржымині, "Атамекен" ҮКП (келісу бойынша)	БҚДА-ға ұсыныс (келісу бойынша)	2020-2021 жылдар	- талап етілмейді
11.	Мемлекет қатысатын жаңа автобус кәсіпорындары үшін "автобус тасымалын" қоспағанда, акцияларының 50 % астамы мемлекетке тиесілі занды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлерінің тізбесін өзектілендіру	БҚДА (келісу бойынша), ИИДМ, "Атамекен" ҮКП (келісу бойынша)	Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1095 қаулысына өзгерістер енгізу	2020-2021 жылдар	- талап етілмейді

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИИДМ - Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ҰЭМ - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі

БҚДА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі
"Атамекен" ҮКП - "Атамекен" Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК